



Ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі туралы

(Step by Step технологиясы)

Қурық, 2015

1. КЕЗ-КЕЛГЕН ЖАҒДАЙЛАРДА «АҚЫЛДЫ» БОЛУҒА БОЛАДЫ!

Кейде біз ақыл туралы ойлағанда, бұл адамдарға көп мөлшерде немесе аз болып берілген дүние ретінде қарап пайымдайтынымыз жасырын емес. Алайда, біз өз айналамыздан математикаға өте зерек, бірақ сөзге келгенде сөйлеу қабілеті аса жоғары емес ересектер мен балаларды көреміз, немесе музыка жағынан дарынды, бірақ футбол алаңында өздерін ыңғайсыз сезініп, спортқа қызығушылық танытпайтын балаларды да, ересектерді де көреміз. Шындап келетін болсақ, біздің ортамыздағылардың көпшілігіміз бір тапсырмаларды қиналып жасасақ, ал басқа, өзіміздің қабілетімізге жақын тапсырмаларды оңай, әрі жылдам орындаймыз.

Білім беру саласындағы маман, психолог Ховард Гарднердің еңбектерінің арқасында, адамдарда әртүлі «ақыл» (ойлау қабілеті) – осы әлеммен өзара әрекеттесу тәсіліміздің болатыны туралы анағұрлым жақсы суреттеген.

Музыкалық бейімділіктері бар балалардың, табиғи музыкалық есту қабілеті, ырғақ сезімі және басқа музыкалық қабілеттері бар; **кеңістікте бағдарлануы** жақсы балалар, карталарды оқуды және механикалық құрылғылардың қалай жұмыс істейтінін анықтауды жақсы көреді. Басқа балалар өздерінің тілдік машықтарын едәуір сенімді пайдаланады – олар хикаяларды әңгімелейді, сөздермен ойнайды, жаңылтпаштарды жақсы көреді. Мықты **логикалық-математикалық** ақыл, тек математикаға ғана алғыр емес, сонымен қатар логикалық пайымдамалар мен тұжырымдарды талап ететін ойындар мен тапсырмаларға сүйіспеншілікпен қарайды. Оларға қозғалуға және заттарды қолмен ұстап көруге рұқсат еткен уақытта, бәрінен жақсы үйренетін балалар өздерінің тәндік-кинестатикалық ақылына сенеді. Табиғатқа және оның жануарларына әуестік **натуралистік** типтегі ақылы бар балаларға тән. Сол кезде, достарды оңай табатын және өздерін кез келген жағдайда қымсынбай ұстайтын балаларда **тұлғаара-**

лық қатынастар машықтары жақсы дамиды, ал байсалды ойшылар мен сөзден жеңілмейтін даушылар рефлектілік, тұлғаишілік сипаттағы ақылын мақтан ете алады.

Біздің баршамызда «интеллектуалдық функциялардың» артық көретін тәсілдеріміз бар. Сонымен қатар, әртүрлі жағдайларда бізге қалай болса да, барлық тәсілдерді пайдалануға тура келеді. Балалардың әртүрлі тәсілдермен ойлайтынын және үйренетінін түсіне отырып, ата-аналар оларға өздерінің мықты дара жақтарын қалай пайдалануда, сондай-ақ оларға «жаратылысынан» бірден көнбейтін салаларда үйрену машықтарына ие болуға көмектесе алады.



2.

ПРОЦЕСС ЖӘНЕ ӨНІМ

Біз ерестектер, өз күштеріміздің нәтижелеріне немесе өнімдеріне алаңдаймыз. Біз өзіміздің есептеміз кәсіпқойлық болып көрінгенін, түстік астың керемет дәмді болғанын немесе шарбақтың қиылған әрі ұқыпты көрінгенін қалаймыз. Біздің жәй рахаттану үшін шұғылданатын нәрселеріміз аз.



Бір жағынан бұл, біздің сол нәрселердің барлығына енді үйренбейтініміздің себебінен оңай болады. Бірақ, сіз компьютерді пайдалануға немесе машина жүргізуді қалай үйренгеніңізді ұмытқан жоқсыз ба? Ең басында сіз біраз уақыт «зерттеумен» шұғылдануымен болдыңыз – егер өзіңіз оны былай істесеңіз не болып шығатынын көргіңіз келеді.

Сіздің балаңыз да тап осындай жағдайда. Балалар үнемі жаңа нәрселерді үйренеді, сондықтан оларға нәтижесі туралы мазаланбай, бәрін көру үшін еркіндік керек. Бақытымызға қарай, кішкентай балаларды әдетте түпкі өнімге немесе нәтижеге қарағанда, процесс немесе әрекеттің өзі көбірек қызықтырады. Міне, тап сол себепті, сіздің балаңыз күні бойы сурет салып, сіздің ол ненің суретін салдың деген сұрағыңызға жауап бермеуі мүмкін. Сондықтан бір бала күні бойы құмды бір қалыптан екіншісіне төгумен болады, ал екіншісі – бір апта бойы моншақтарды байлаумен және қайтадан шашумен бола алады.

Біздерге, ересектерге, баланың процесстің өзінен үйренетінін түсіну үшін қызметтің түпкі өнімі жайында ойлау қиын. Бәлкім, ол тап қазір үйлестіру қабілетін немесе жазудың бастапқы машықтарын дамытып жатқан немесе

өзі үшін үшбұрышты немесе ауырлық күшін ашып жатқан болар. Бала, әлбетте, өзі үшін бір нәрсе істегеннің өте ұнамды екенін анықтайды – және содан балада өзіне деген сенімділік пайда болады.

Шыдамды болыңыз. Балаңызға оның өсуі және тапсырмалардың бір бөлігі болып табылатын әртүрлі процестерде үйренуі үшін уақыт беріңіз. Оның қалай әуестенгенін қарап, рахаттаныңыз. Кейіннен біздің баршамыз өнімді мақтан тұтатын боламыз.

3. БАЛАЛАРҒА ІШКІ ТӘРТІПТІ ДАМУҒА КӨМЕКТЕСУ

Балалардың нашар қылықтары бөгет жасауы және тіпті кейітуі мүмкін, бірақ біз ондай жағдаятты ішкі тәртіптің және мінезді тәрбиелеудің мысалын беруге мүмкіндік ретінде қарастыра аламыз ғой. Эмоционалдық даму, басқа салаларды даму секілді, уақытты және үйрену үшін мүмкіндіктерді талап етеді. Балалар тамаша имитаторлар, біздің үлгіміз жаман болсын, жақсы болсын, соған еретін болады.

Егер біз балаларға айқайлап сөйлесеңіз, олар да айқайлайтын болады, егер біз оларды сабасақ, олар да сабайтын болады. Немесе басқалардың агрессиясының тұрақты жемтігіне айналады. Біз егер балаларға байсалды үнмен ақыл айтсақ және оларды өз сезімдерін орынды түрде білдіруге үйрететін болсақ, жақсы нәтижелерге қол жеткіземіз. Мұғалімдер бірге күйзелсе, балалар да бірге күйзеледі; ата-аналар сыпайы болса, онда балалармен де тіл табысу оңай.

Сіздің жасап көруіңізге болатын бірқатар нәрселер мынадай:

Нақты әрі дәйекті болыңыз. Ережелерді орнатыңыз және ол ережелер мен олардың салдарын талқылаңыз. Ережелер нақты, қарапайым болуға тиіс және олар көп болмауға тиіс. Кейбір ересектерде тек бір негізгі ереже болады: «Өзіңе, басқаларға, жануарларға немесе заттарға зиян келтіруге болмайды». Мысалы, сіздің балаңыз басқа баланы ұрып-соғуын қойсын десеңіз, оның алдында жүреlep отырып, байсалды түрде былай деуге болады: «Маратты ұруға болмайды. Адамдар ұрып-соғу үшін жаралмаған». Содан кейін былай деп үстеңіз: «Мен сенің ашуланғаныңды білемін. Сен маған неге екенін айта аласың ба?... Жарайды, сен онда Марат сенің осы әткеншекте тербелгің келетінін түсінуі үшін не істей аласың?».

Альтернативаларын ұсыныңыз. «Сен тісінді қазір тазалағың келеді ме, әлде біз кітапшаны оқып болғаннан кейін бе? Сен асыңды сүтпен әлде шырынмен жұтқың келе ме?».

Белгілі бір мінез-құлықты елеменіз. Мысалы, егер сіздің балаңыз ұрысса немесе жер тепкілесе, бірақ бұл орайда ешкімге зиянын тигізбесе, елеменіз.



Бала ондай мінез-құлықпен ештеңе шығара алмайтынын жылдам түсінеді. Екінші жағынан, ол жақсы жүріс-тұрыстың белгілі бір нәтижелерге әкелетінін және ересектердің жағымды реакциясын туғызатынын үйренеді.

Біздің, ересектердің не істейтінімізге қатыссыз, бала өзін бақылаудан айырылатын мезеттер болады. Егер ол өзін агрессивті ұстаса, оны бір азғантай уақытқа басқа бір жерге алып кетуге болады. Оның мағынасы, балаға ол сабасына түсу үшін, бірнеше минут беру. Ол минуттар ата-ана үшін де пайдалы! Олар ызалы ересек адамға ызасын басуға және әрі қарай не істеу керектігі туралы ойлануға көмектеседі.

4. САНАЙ БІЛУ – ОЛ ӘЛІ МАТЕМАТИКА ЕМЕС

Кей кездері біз кішкентай балаларға арналған математика жайында тым қарадүрсін ойлауға бейімбіз. Мынадайды жиі естуге тура келеді: «Менің қызым қазірдің өзінде барлық сандарды біледі. Ол 20-ға дейін санай алады». Санай білу – сөзсіз, жетістік болғанымен, сонымен қатар, «сандарды білудің» тек кішкене бөлігі ғана. 10-ға, 20-ға, немесе тіпті 100-ге дейін санай білу «механикалық санау» деп аталады және тек сандардың аталу ретін есте сақтауды ғана талап етеді. Бұл орайда бала шынында да шаманың немесе санның не екенін түсінуі де, түсінбеуі де мүмкін.

Балғын шәкірттер оларға мағына беріп, қолдануды бастай алатын санауға байланысты сөздер мен ұғымдарға төмендегілер кіреді: бірнеше, көбірек, азырақ, кемірек, жұптар, топтар, бөліктер, біртұтас. Тапсырмаларды орындау шеңберінде сандар мен көлемдер туралы сөйлесу және ойлау – бала үшін математикалық машықтарды дамытуға табиғи амал.

Осы бағдарламаға енгізілген тапсырмалар ата-аналарға күнделікті жағдаяттардың математикамен байланыстағы аспектілерін бөлектеуге көмектеседі. Мысалы, ата-аналар сөйлескен кезде, сандарды білдіретін сөздерді қолдана бастайды: «Қане, мына екі жейдені мұнда салайық», немесе «Маған дастарханға тағы үш стакан керек», немесе «Сен қалай ойлайсың, біз әженің үйіне қанша уақытта жетеміз?».



Балаларды үйрету және дамыту саласындағы көпжылдық зерттеулер балалардың интеллектуалдық, әлеуметтік, эмоционалдық, физикалық және тілдік дамуы үшін ойынның зор пайдасын растайды.

Ойнағанда, балалар хикаялар ойлап шығаруға, қоршаған ортаны зерттеуге және құруға, тапсырмаларды шешуге және жалпы түсінікті дамытуға белсенді атсалысады.



Балалар әртүрлі ойнайды. Олар дербес, кейде бір біріне жақын ойнайды, бірақ әркім өз ісімен әуре болады. Кей кездері бұл «параллельді ойын» деп аталады, ол уақытта олар бір бірінен ойыншықтар алуы немесе тіпті сөйлесуі де мүмкін. Олар сондай-ақ бірге ойнайды – топта ойнау үшін рөлдер мен сценарийлер ойлап шығарады. Балалар есейген сайын, оларды біртіндеп бірлескен, үйлескен ойынға қабілет дамиды. Бірақ ойынның барлық түрлері де құнды.

Балалар бір бірімен ойнаған уақытта, олар басқа балалардың көзқарасын көруді үйренеді және оларда мұндастық және қамқорлық сезімі дамиды. Олар өз мәдениеттерінің

салттары мен ережелерін түсіне, әрі оларды басқа мәдениеттерде де құрметтей бастайды. Олар тілдік машықтарын жаңаша – ойынды суреттеу және басқалармен өзара әрекеттесу үшін пайдалануды үйренеді. Сонымен қатар, ойында балалар бұлшық еттері мен координациясын дамытады.

Ересектер балаларға ойнауға кеңістікті, мүмкіндікті және материалдарды қамтамасыз ету арқылы көмектесе алады. Ойын – ләззат. Бірақ, ол сондай-ақ белсенді кішкентай инвесторларға үлкен дивидендтер әкелетін елеулі іс.

6. ҰЯЛШАҚ БАЛАЛАР: ДОСТАРДЫ ҚАЛАЙ ТАБУ КЕРЕК

Сіздің балаңыздың дамуы үшін оның достарының маңызы зор. Балалар бірге ойнаған уақытта, олар анағұрлым шығармашылық түрде үйренеді және әлемді зерттейді. Олар бірін-бірі жаңа машықтарға үйретеді және олар ересек адамдардан көрі анағұрлым ұзақ уақыт бір-біріне ермек бола алады. Кей жағдайларда балалардың ұялшақ болуына, олардың ата-аналары сондай ұяң жүріс-тұрыстың үлгісін беруіне байланысты, ұялшақ болуы мүмкін. Әрине айта кету керек, мұндай ұялшақтыққа баланың темпераменті де әсер етуі мүмкін.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың көпшілігі, бейтаныс адамдарға секемдене қарайтын немесе кей-кездерде қымсынатын болады, өте ұялшақ балаларда мектепке және жалпы алғанда отбасының шектерінен тыс әлемге бейімделуге қатысты анағұрлым елеулі проблемалар пайда болады. Оларға достар табу қиын. Егер олар қалыптасып қойған топқа кезіксе, олар ол топта өздері үшін орын деп ұйғаруы мүмкін.

Ата-аналардың балаларға достар табуға көмектесе алатын тәсілдері көп. Олардың біразын төменде атап кететін болсақ:

- Баланың өзі туралы пікірін жоғарылатыңыз. Баланы жай тыңдаудың өзі – оның өз өзіне сенімділігін нығайтудың ең жақсы тәсілдерінің бірі. Балаға оның дұрыс нәрселерді айтып отырғанын білдіріңіз, ол әңгімені қызықты жүргізгенде немесе оның басына жақсы ойлар келген уақытта оны мақтап қойыңыз.
- Әлеуметтік машықтары дамыған балалар, әдетте өздерінің біртүрлі көрінетіндерін сезінеді. Баланың сырт әлпеті мен жүріс-тұрысы туралы жылы лебіз білдіріп отыруды ұмытпаңыз.

- Баланы араласу машықтарына үйретіңіз. Бір топ балаға қалай жақындап, олармен ойнауға болатынын сұрауға болатыны жайында айтып беріңіз.
- Бала қолдаушы әлеуметтік ортада адамдармен араласу машықтарына ие болуы үшін, ең алдымен сіздің достарыңыз бен олардың балаларының арасында мүмкіндігінше жиірек болсын.
- Ең алдымен баланың адамдардың шағын топтарымен әлеуметтік араласуын шектеңіз де, ынтымақтастықты немесе кезекпен қатысуды талап ететін іс-шаралар ұйымдастырыңыз. Ұялшақ балалар әдетте өздерін құрдастарымен емес, жасы мен даму деңгейі жағынан анағұрлым кіші немесе, керісінше, анағұрлым естияр балалармен жайлырақ сезінеді.
- Сіздің балаңыз әлдебіреуге қонаққа баратын не ойнауға болатыны туралы бір идеялар ұсыныңыз және бала өз үйіңізде достарымен немесе шұғылдана алатынын күні бұрын жоспарлаңыз.
- Балаға ол әлдебір проблеманы досының көмегімен шешкен немесе дауды іс төбелеске бармай тұрып шеше алған мезеттерді көрсетіп отырыңыз.
- Өз өзіңізге позитивті қарауға тырысыңыз. Егер сіз өзінің басқаларға ұнайтынына сенімді адам ретінде әсер қалдыратын болсаңыз, сіздің балаңызға оның да адамдары өзіне жылы қарататынына сену оңайырақ болады.



7. «МАҒАН ОСЫ КІТАПШАНЫ ҚАЙТАДАН ОҚЫП БЕРШІ»

Балаға кітап оқып беріп болғаннан кейін, ересектер «Маған оны қайтадан оқып берші» дегенді естігенде, әдетте күрсінеді. Көпшілігі оларға бір кітапты қайта-қайта оқуға тура келетінінен шаршайды, алайда, ақпаратты көп дүркін қайталау шын мәнінде кішкентай балалар үшін өте пайдалы.

Кітапты қайта-қайта тыңдағанда, балалар маңызды нәрселерді үйренеді. Олар грамматика негіздеріне және әңгіменің құрылымына үйренеді. Олар сондай-ақ, өздерінің сөздік қорын молайтады және сөздерді тап сол беттегі иллюстрацияларды визуалдық көмексөздер ретінде пайдаланып, ол хикаяны өздері әңгімелеп бере алатын болады.



Хикаяларды таңдайтын және қайта әңгімелеп беретін балалар өздерінің әңгімелеуін сөздерді тыңдау арқылы, хикаяны «оқи» отырып, өздерін түзетіндей, мәтінге соншалық жақын жаттап алғанға дейін жетілдіреді. Олардың оқығаны – сөздерді сәйкестендіргеннен көрі жаттап алғанды қайталағанға жақын болғанынан қарамастан, олар бірте-бірте баспалық мәтінді өздері айтатын сөздермен аастыра бастайды.

Балалар хикаяларды жадыға тоқу шамасына қарай, олардың сөзінде «таныс» сөздер мен сөйлемдер пайда бола

бастайды. Кітап оқуды ғұмыр бойына жақсы көру үшін, балашақта кітапқа деген сүйіспеншілікке үйрену мүмкіндігіне ие болу керек. Анаңмен, әкеңмен немесе тағы біреумен ыңғайлы жайғасып алып, сүйікті кітапшаны қайта оқығаннан рахат не бар?

8. САНДАРМЕН ОЙЫН ОЙНАЙМЫЗ

Осы материалдардың құрамындағы ойындар балаларға көп нәрсеге үйренуге, сонымен қатар ермек қылуға тамаша мүмкіндік береді. Сәйкестіктерді табу және лото ойындары, балаларды жаңа сөздерге үйретеді, өйткені балаларға суреттердегі заттарды атау керек болады. Үстел басында ойналатын ойындар сандарды түсінуді дамытады, өйткені балаларға текшедегі нүктелерді санап, немесе шырайналғыштағы санды біліп, қанша шаршыдан өту керектігін айқындауға тура келеді. Есептерді шешуге бейімделген қарапайым ойындар, балаларды топшылауға қабілетін және тек бір ғана жауаптың әрдайым дұрыс бола бермейтінін түсінуді дамытады.

Ойнағанда, балалар нұсқаулықтарды ұстануға және кезекпен әрекет етуге үйренеді. Ойындар басқа балалармен және ересектермен араласудың әлеуметтік машықтарын меңгеруге мүмкіндік береді.



Кішкентай балар үшін оларға өз кезегін ұзақ күтуге тура келмейтін шағын топтарда ойнаған ойындар өте пайдалы. Нақты ережелері бар қарапайым ойындардан және табыс стратегия мен шеберлікке қарағанда, сәттілікке көбірек байланысты ойындардан бастау керек.

Баланың әрдайым ережелерді ұстануын талап етпеуге тырысыңыз; егер ол өз ережелерін ойлап шығарса, - солар бойынша ойнаңыз. Қалай дегенмен, басты міндет – бірге көңіл көтеру.

Бала қарындашпен немесе фломастермен әріптер жазып үйренерден көп бұрын, ол жазуды игеру жолында көптеген қадам жасайды. Балалар әріптерді жақсы жазып үйренгенге дейін, оларда өз қолдарымен сан алуан нәрселер жасауға көп мүмкіндіктер болуға тиіс.



Балшықтан сомдау, үлкен және кішкентай моншақтармен ойнау, моншақтарды жіпке тізу және пазлдарды (басқатырмаларды) құрастыру – осының бәрі саусақ пен қолды жазуға дайындайды. Фломастерлермен және қарындашпен шимайлау, трафаретті пайдаланған кезде қарындашты ұстай білу, бормен тротуарда сурет салу – балалар одан кейін жазуға көшу үшін қолданатын бірнеше тәсілдердің бірі ғана.

Балалар достарына хат немесе мұғалімдер мен ата-аналарына жазбахаттар «жазғанды» жақсы көреді. Олар жазуға арналған материалдарды ойындарда пайдаланады, мысалы, дүкен үшін маңдайшалар және хабарламалар жасайды. Балалардың эксперимент жасауларына қарағанда, жазу машықтарының даму сатылары айқын бола түседі. Балалар ретсіз шимайлаудан әбден «қалыптасқан» имектерге дейін дамиды, содан кейін жекелеген әріптерді, одан соң жекелеген сөздерге сәйкес дауысты дыбыстардың топтарын жаза бастайды. Балалар осы сатылардың барлығынан өте алуы үшін, оларға жаттығу үшін үнемі әрқандай мүмкіндіктер беріп отыру керек.

Егер сіздің балаңыз қарындашты дұрыс ұстамаса, борды мақсатына қарай пайдалана алмаса, немесе жазуға үйренуге ешқандай қызығушылық танытпаса, бәлкім, ол әшейін жазып-сызуға әлі дайын емес болар. Оны істеуге баланы

күшпен мәжбүрлемеңіз. Балаларға жаңа машықты меңгеру тек олар оған шынында да дайын болған уақытта ғана ұнайды. Дайындық та машықты меңгеру секілді маңызды.

Балаларда жазу машықтарының даму сатылары

Білім беру жөніндегі мамандар жазуға ол 20 жыл бұрын болғандағыдан мүлдем өзгеше қарайды. Кішкентай балалардың егер оларға қағаз бен қарындаш берсе, табиғи түрде жасай бастайтыны қазір жазу нысандарының бірі ретінде қарастырылады. Жазу машақтарын игерудің кем дегенде алты түрлі сатылары бөлінеді.

Сурет салу. Балалар үшін сурет салу және өздерінің суреттерін «оқу» ақпарат табыстау нысаны болып табылады. Олар түсініксіз иірмектің суретін салып, «Мен бүгін досыммен ойнадым» деп айтуы, немесе ағаш тәрізді бір нәрсенің суретін салып, «Бұл мені паркке апаруды ұмытпа деген сөз» дегенді айтуы мүмкін.

Шимайлау. Кішкентай балалар шимайлаған уақытта, олар өздері жазып отырмыз деп санайды және өздерінің жаңа ғана шимайлағандарын жиі «оқиды». Балалар көбіне шимайларын солдан оңға қарай шығарып, ересектер секілді қарындашпен қағазды сызғылайды.

Ойлап табылған әріптер. Көптеген кішкентай балалар өздерінің төл әріптерін ойлап табады. Көбіне сондай ойлап табылған әріп «таяқшадағы» дөңгелек (кэмпит тәріздес) секілді көрінеді. Бұл жағдайда да, балалар өздерін жазып отырмыз деп санайды.

Бөлек алынған әріптер. Балалар біртіндеп әліп-бимен танысқан сайын, олар көбіне кездейсоқ таңдап алынған әріптердің ұзын жолдарын жазады.

Ойдан шығарылған жазу. Ойдан шығарылған жазу әртүрлі болуы мүмкін, бірақ ол бала әрбір сөзден еститін әріптермен байланысты. Бұл сатының басында

балалар тұтас бір сөзді бейнелеу үшін бір әріпті жазуы мүмкін. Кейіннен сөздерді ол сөздің бастапқы және соңғы әріптеріне сәйкес екі әріп білдіруі мүмкін. Жазу машықтары дамыған сайын, ойдан шығарылған жазуда сөздің барған сайын көп дыбыстары пайда болады. Жалпы қабылданған жазу. Бала сөздердің барған сайын көп санын ересектер секілді дұрыс жаза бастайды.



10.

ЕҢ ЖАҚСЫ ҮЙРЕНУ – БЕЛСЕНДІ ҮЙРЕНУ

Белсенді үйрену баланың қозғалуға және бәрін ұстап көруге табиғи қалауына сүйенеді. Кішкентай балалар заттармен манипуляция жасағанды және жаңа идеяларды тексергенді жақсы көреді. Оларға заттардың қалай жұмыс істегеніне қараған және өз теорияларын сынап көрген ұнайды.

Белсенді үйрену баланың табиғи ынтасына, қабілеттеріне және әуестіктеріне сүйенеді. Балалар өздерін қызықтыратын нәрселерді зерттеуге – есептерді шешуге, өзара байланыстарды анықтауға және салыстыруға көптеген мүмкіншіліктер алады.



Өздерінің «жаңашылдықтары» үшін балалар барлық сезім органдарын пайдаланады: «Мына нәрсе ауыр ма екен? Мынаның иісі бар ма екен? Ал мен тап осындай тағы біреуін сипалап тауып ала аламын ба? Мен мынаны түсіріп алсам, қандай дыбыс шығады? Мына зат басқаларынан несімен өзгеше?». Затты тексеру үшін қолдарын, көздерін, мұрын, құлақтары мен ауызын пайдаланып, балалар ақпарат жинайды және үйренгендерін жадыда жақсы сақтайды.

Өзінің айналасымен тікелей өзара әрекеттескен уақытта, балалар тек сенсорлық ақпарат жинап қана қоймайды, сонымен қатар өздерінің сенсорлық және моторлық машықтарын шыңдайды. Мысалы, таза жазу – ажыратымды жазу үшін – қолдың білезіктері мен саусақтарының өте кемел қимылдары қажет. Балақайлар балшықты илеген, паззлдың (басқатырманың) бөлшектерін жинаған немесе моншақтарға жіп өткізген уақытта, олар білезіктері мен саусақтарын солай пайдалануға жаттығады.

Келесі жолы, балаңыздың әлдебір нәрсені үйренгенін қалаған уақытыңызда, материалдарды, кеңістікті және уақытты қамтамасыз етіңіз. Содан кейін шетте тұрып, байқаңыз. Сіз өз балаңыздың белсенді жұмыс жасаған кезде қаншалықты табысты жаңалықтар ашатынына және үйренетініне таңқалатын боласыз.

